

Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақмектеп ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 1-20/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5888 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 1-20/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 07.11.2018 № 1-20/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қарамалдың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақмектеп ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Баянауыл ауданының ветеринария бөлімі" (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша), мемлекеттік мекемелері, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Павлодар облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Баянауыл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қолжеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізісін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Баянауыл ауданының Бірлік
ауылдық округінің әкімі
"КЕЛІСІЛДІ:"*

А. Аманжолов

"Баянауыл ауданының
ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2018 жылғы "16" ақпан
"КЕЛІСІЛДІ:"

Н. Т. Даулетов

"Қазақстан Республикасы Ауыл
Шаруашылығы Министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Баянауыл
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2018 жылғы "16" ақпан
"КЕЛІСІЛДІ:"

Р. Д. Нургалиев

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Қоғамдық
денсаулық сақтау комитеті
Павлодар облысы Қоғамдық
денсаулық сақтау департаментінің
Баянауыл аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2018 жылғы "16" ақпан

Т. Н. Ишанова